



**Автор:** МІРКЕМЕЛ АЙНҰР МҰРАТҚЫЗЫ

**Пән:** Қазақ әдебиеті

**Сынып:** 8-сынып

**Бөлім:** Махаббат және абырой

**Тақырып:** "Ұшқан ұя" повесінің жанрлық ерекшелігі

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	8.1.1.1 әдеби шығарманың жанрына байланысты сюжеттік желілерін, эпилог, прологтарды анықтау;
Сабақтың мақсаты:	Оқушылардың барлығы істей алады: әдеби шығарманың жанрына байланысты сюжеттік желілерін, эпилог, прологтарды анықтай алады Көпшілігі істей алады: әдеби шығарманың жанрына байланысты сюжеттік желілерін, эпилог, прологтарды анықтап, талдай алады Кейбіреуі істей алады: шығарма жанрына баға бере алады
Тілдік мақсаттар:	Дағдыларды дамыту: жеке, жұпта, топта жұмыс жасау, мақал-мәтелдер, терминдер мен неологизмдердің мағынасын түсіну, қойылған сұраққа толық жауап беру, диалог құрастыру, мәтіннен жаңа сөздер мен сөз тіркестерін таба алу, мәтінге қатысты өз ойын айта алу. Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер: жанр, сюжет, эпилог, пролог
Күтілетін нәтиже:	Оқушылар шығарманың жанрын талдай алады
Бағалау критерийлері:	әдеби шығарманың жанрына байланысты сюжеттік желілерін, эпилог, прологтарды анықтай алады
Құндылықтарды дарыту:	Өзіне және өзгелерге құрмет мұғалім мен оқушылардың бір-бірімен амандасуында, сыпайы, ойын ашық білдіріп, тыңдауда, сабақты уақытында бастап, аяқтауда, тапсырмаларды нұсқалық бойынша толық орындауда, бір-біріне қолдау көрсетуінде көрініс табады. Патриотизм мен азаматтық жауапкершілік уақытты пайдамен өткізу қажеттігін түсіну арқылы жүзеге асырылады. Өмір бойы оқу қағидасы ақпаратты өздігінен табу, сабақ мақсатын білуде, кері байланыс беруде, рефлексия жасауда, алған білімінің практикалық мәнін түсінуде көрініс табады.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	PowerPoint таныстырылымы. Bilimland.kz
Пәнаралық байланыс:	Қазақстан тарихы
Бастапқы білім:	Өмірі мен шығармашылығымен таныс

### Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы	1.Ұйымдастыру кезеңі 2. Үй тапсырмасы Қызығушылықты ояту үшін миға шабуыл. Ой қозғау «ББҮ» парақшасы. Тақырып төңірегінде не білетінін не білгісі келетінін жазады. Білемін Білгім келеді Үйрендім Оқу мақсатымен танысады; Жетістік критерийлерін болжайды; Жетістік критерийлерімен танысады.	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы	<p>Білу, түсіну «3W». Берілген сұрақтарға дәлелді түрде жауап беріп, Б.Момышұлының өмірі мен шығармашылығы туралы кестенітолытырыңдар. Кім Қашан? Қандай? халық қаһарманы, қазақтың көрнектіжазушысы, гвардия полковнигі Бауыржан Момышұлы – халық қаһарманы,қазақтың көрнекті жазушысы. Ол 1910 жылы Жамбыл облысының Жуалы ауданындағы Көлбастау деген жерде туған. Бауыржан Момышұлы жеті жылдық мектепті бітіргеннен кейін біраз уақыт мұғалім болған. Сонда жүргенде кезекті әскери міндетін өтеуге шақырылып, онда бір жарым жыл жүріп, командир атағын алады. 1941 жылы Ұлы Отан соғысы басталысымен, Бауыржан Момышұлы генерал-майор И.В. Панфиловтың басшылығымен Алматы маңында жаңадан жасақталған 316 атқыштар дивизиясының құрамында майданға аттанады. Ол батальон, полк командирі қызметтерін атқарады. Соғыстың соңғы жылдарында гвардиялық дивизионы басқарады. «Қазақфильм» киностудиясы «Ел басына күн туса» (1967) көркемфильмін түсірді. Москва академиялықдрама театры Момышұлы туралы «Волоко» ламск тасжолы» спектакліжойды. «Офицердің күнделігі» (1952), «Бір түннің тарихы» (1954, орыстілінде), «Біздің семья» (1956, орыс тілінде) атты алғашқы кітаптары солтұста жарық көрді. Момышұлы еңбектерін 109 орыс-қазақ тілдеріндебірдей жазды. Мұнымен қатар «Жауынгердің тұлғасы» (1958), «Майдан»(1961), «Майдандағы кездесулер» (1962, орыс тілінде), «ГенералПанфилов» (1963, қазақ тілінде – 1966), «Төлеген Тоқтаров» (1965), «Кубаәсерлері» (1965), «Ел басына күн туса» (1970), «Ұшқан ұя» (1975), «Адамқайраты» (1981) т.б. кітаптары жарық көрді. Шығармалары бірнеше шетелтілдеріне аударылды. Бауыржан Момышұлының 30 томдық шығармаларжинағы басылған. Дескриптор: 1.Кім екенін анықтайды 2.Қашан туғанын,қашан соғысқа аттанғанын анықтайды 3. Қандай шығармалары бар екенінанықтайды 4. Ойын фактімен дәлелдейді «Сөз мағынасы». Шығарматуралы қысқаша түсінікті тыңдаңдар. «Ұшқан ұя» сөзінің мағынасынанықтаңдар «Bilimland.kz» Дескриптор: 1.Шығарманың тақырыбы менидеясын анықтайды 2.Тіркестің мағынасын анықтайды Қолдану, талдау.Бірінші, екінші бөлімді мұқият оқыңдар. Төмендегі сұрақтарға жауапберіңдер. «Сұрақтар топтамасы». Менің бабам Иماش мың да тоғыз жүз онбірінші жылы тоқсан жасында дүние салған. Орта бойлы, орақ мұрын, отжанарлы сол шымыр шалдың төртінші перзенті менің әкем Момыналыекен. Оны жұрт Момыш деп кеткен. Әжемнің аты Қызтумас еді.Қартайғанда сары кемпір атанған. Жарықтық, аса ажарлы, ақ дидарлы кісіекен. Ондай ару ол кезде ел ара сында некен-саяқ. «Ұл біткеннің бәріқазанның түп күйесіндей әкесіне тартып қара болды, қыз жағы өзіметартып аққұбаша ажарлы шықты» деп отыратын еді, жарықтық. Әжемөзінің ұлдарына өңшен аққұбаша аруларды айттыруға ынтық болған.Соның кесірінен менің әкем Момыш отыз үш жасына дейін салт басты,сабау қамшылы жүріпті. Әкем содан айтыс қуып, әндетіп жүре-жүре отызүш жасында Байтана руынан Әбдірахманның Рәзия атты қызына үйленіпті.Ол менің шешем еді. Ол кісі мен үш жасқа толар-толмаста қайтыс болған.Анамның қандай кісі болғанын тек әжем мен әкемнің әңгімелерінен ғанабілемін. Қайран әжем өле-өлгенше Рәзия келіннің қазасына қайғырып өтті.Мезгіл-мезгіл тоқаш қуырып, ас пісіріп, келіннің аруағына бағыштап құраноқытар еді. – Жатқан жерің жаннат болсын, маңдайыма сыймай кеткенперіштем Рәзия, – деп өзінен-өзі отырып, көзіне жас алып қайғыратын.Сөйтіп, Рәзиядан қалған немерелерінің басынан сипап, маңдайымыздансүйетін. Рәзияның тұңғышы Үбіш, онан кейінгілер Үбиан, Сәлима, Әлимакілең қыз бала болады. Момыш әкемнің айтуынша, мен мың да тоғыз жүзоныншы жылдың қысында, ескіше декабрьдің жиырма төртінде туыппын.Әкем ол күні Әулиеата шаһарында екен. Мен туған соң Иماش бабам жан-жаққа кісі шаптырып, әкеме де хабаршы жіберіпті. Дескриптор:1.Бауыржанның әжесі қалай суреттелген? 2. Әкесі мен анасының қосылуынсипаттап бер 3. Момыштың ұлы дүниеге келгенде, ауыл қалай қуанған?4.Батаның мәнісі қандай? 5.Атасының немересін қолына алғаны қалайсипатталады? Сәйкестендіру.Білімлэнд.Сөйлемдердің сәйкес жалғасынтауып, Бауыржан туылған кезде Иماش бабасының берген батасын қалпынакелтіріңіз. 1) Ата тілегі оң еді А) Шырағы болсын құлыным 2) Алатаудыңқыраны мол еді В) Бұлағы болсын құлыным 3) Қойнауы суға мол еді С)Сыңары болсын құлыным 4) Бұл жер батырлар төрі еді Д) Қырағы болсынқұлыным 5) Елінің тілегі зор еді Е ) Құмары болсын құлыным Жинақтау,бағалау. «Еркін жазба». Шығарманың повесть екенін дәлелдеңдер.Дескриптор. 1.Повестьке қысқаша анықтама береді 2. Жанрлықерекшеліктерін талдайды 3. Шығарманың повесть екеніне 4 мысалкелтіреді 4. Ойын 4</p>	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың соңы	Аяқ іздері. Кері байланыс. Аяқталмаған сөйлем. Бүгін ... өттік. Мен ... түсіндім Есімде .... қалды. ... сұрағым бар Үй жұмысы. Мазмұндау. Бір батаны жаттап келу	
Рефлексия	Аяқталмаған сөйлем.	